

## **«Салықты әкімшілендіру» пәні бойынша семинар сабақтарының жоспары.**

### **Бірінші тақырып. Салықтың түсінігі және оның нарық жағдайында мемлекет өмірінде алатын орны**

Салықтардың пайда болуының және дамуының қоғамдық-экономикалық және саяси мән-жайлары. Салықтың заңи айқындамасы мен өзіне тән айрықша белгілері. Салықтардың қаржылық қатынастар жүйесіндегі рөлі мен маңызы. Салық салудың классикалық принциптері. Өркениетті салық салу жүйесінің негізін қалаушылар – А.Смиттің, Д.Рикардоның, Д.Кейнстің, Н.Тургеневтің, М.Сперанскийдің және т.б. салықтар, салық салу жөнінде жасаған тұжырымдары мен ой-пікірлері. Ежелгі Қазақстандағы және одан кейінгі мемлекеттік даму кезеңдеріндегі әл – Фарабидің, Ш.Уәлихановтың, Ы.Алтынсариннің, А.Құнанбаевтың, А.Байтұрсыновтың, А.Бөкейхановтың, М.Шоқайдың, Т.Рысқұловтың экономикалық және құқықтық ілімдері мен көзқарастары. Салықтардың мемлекет қазынасының негізгі бөлігі – мемлекеттік бюджеттің ең басты әрі мол түсім көзі ретіндегі айрықша маңызы, мемлекеттік - құқықтық сипаты және әлеуметтік – экономикалық рөлі.

Салықтардың құқықтық, экономикалық және материалдық категория ретіндегі мән-жайы. Салықтардың басқа салықтық сипаттағы міндетті төлемдермен алымдармен, баждармен және төлемақылармен салыстарғандағы айырмашылығы, ерекшелігін белгілері. Салық элементтері.

Салықтардың функциялары: маңызы, негізгі түрлері. Салықтардың экономикалық категория ретіндегі өзіне тән қоғамдық бағдарлары: фискальдық, бөлу, реттеу және бақылау – есептеу функциялары. Салықтардың топтастырылуы: оның негіздері, белгілері, топтары, түрлері. Тікелей және жанама салықтар, тұрақты бекітілген және реттеуші салықтар, мемлекеттік және жергілікті деңгейлерде алынатын салықтар, жалпылай және мақсатты салықтар, жүйеленген түрдегі және біржолғы салықтар, үдемелі және шегермелі салықтар, ақшалай және натуралды салықтар. Алымдар, баждар және төлемақылар салық сипатындағы міндетті төлемдер ретінде: өздеріне тән ерекшеліктері, құқықтық негіздері, алыну деңгейлері.

Салық салу салықтарды белгілеу және алу жөніндегі мемлекеттік қызмет ретінде: маңызы, мақсаты, әдістері, принциптері, құқықтық негіздері. Салық салудың заңи және экономикалық принциптері. Салық салудың ұйымдастырылу сипатындағы принциптері. Мемлекеттің салықтық юрисдикциясының шегі.

Мемлекеттің салық жүйесі: түсінігі, экономикалық мән-жайлары мен заңи негіздері, институттары. Салық жүйесінің қалыптастырылу негізінде жатқан принциптер: салық салуға мемлекеттік - қоғамдық мүдделілік, салық салудың айқындылығы, әділеттілік, бір дүркінділік, біркелкілік және т.б. Ұлттық салық жүйесін өркендеп, дамыған елдердің салық жүйелерімен салыстырғандағы айырмашылықтары. Мемлекеттің салықтық, фискальдық саясатының маңызы. Шет елдердің салық жүйелері, олардың ұлттық экономика жүйесіндегі маңызы. Шет елдердің салық жүйелерінің негізгі экономикалық және саяси - құқықтық сипаттамалары.

### **Екінші тақырып. Салықтың құқықтық құрылымының элементтері. Мемлекеттің салықтық қызметі.**

Салықтың құқықтық құрылымының элементтері теориясының түсінігі және маңызы. Салық субъектісі және салық көтеруші. Резиденттердің және резидент емес елдердің салықтық мәртебесі. Салық салудың пәні және объектісі, өзара байланысы және ерекшеліктері. Салықтың көлемі және салық базасы, салық базасының есептеу

тәсілдері. Салық нормасы, салық бірлігі, салық ставкасы. Салық салудың тәсілдері: теңдей, пропорционалды, прогрессивті, регрессивті.

Салық жеңілдіктері: түсінігі және түрлері. Инвестициялық салықтық преференциялары және оларды қолдану тәртібі.

Салықтық қызмет мемлекеттің қаржылық қызметінің бір түрі ретінде: түсінігі, негізгі бағыттары мен міндеттері, мақсаты және құқықтық негіздері. Мемлекеттің салықтық қызметінің негізгі принциптері, әдістері және құқықтық нысандары.

Салықтық қызмет аясында өкілеттіліктерін жүзеге асыратын мемлекеттік уәкілетті органдар, олардың салық салу саласындағы қызметтерінің ерекшеленуі және басымды бағыттары.

Салықтық қызмет саласындағы құзыретті органдар жүйесі: ҚР Парламенті; ҚР Президенті; ҚР Үкіметі; ҚР Қаржы министрлігі; ҚР министрлігі Салық комитеті; ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің аумақтардағы салық органдары, олардың басқармалары мен бөлімдері; ҚР Кедендік бақылау Агенттігі, оның аумақтардағы органдары; Жергілікті мемлекеттік басқару органдары Мәслихаттар мен әкімдіктер. Осы құзыретті органдар арқылы мемлекет жүргізетін салық саясаты: маңызы, мән-жайы, құқықтық нысандары.

### **Үшінші тақырып. Салықтық құқықтық нормалар және салықтық құқықтық қатынастар.**

Салықтық құқықтық нормалар: түсінігі, өздеріне тән белгілері, қаржылық құқықтық нормалардың бір түрі ретіндегі ерекшеліктері. Салықтық құқықтық нормалардың түрлері және құрылымы.

Салықтық құқықтық қатынастар: түсінігі, өздеріне тән белгілері, түрлері. Салықтық құқықтық қатынастардың мән-жайлары. Материалдық және ұйымдастырушы салықтық құқықтық қатынастар. Салықтық құқықтық қатынастардың объектісі. Салықтық құқықтық қатынастардың субъектілері және олардың өз заңды мүдделері мен құқықтарын қорғау тәсілдері. Салықтық құқықтық қатынастардағы заңи фактілер – осы қатынастардың пайда болуының, өзгертілуінің және тоқтатылуының негіздері ретінде: түсінігі, функциялары, сипаттамасы.

Салықтық құқықтық қатынастардағы мемлекеттік реттеу әдістері. Салықтық құқықтық қатынастарды мемлекеттік тұрғыдан реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік билік тармақтары.

### **Төртінші тақырып. Салықтық міндеттеме.**

Салықтық міндеттемелер: түсінігі, нысаны, құрамы, туындау негіздері. Салық төлеушілер мен үшінші тұлғалар, салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілер, салық базасы, салық ставкасы, салық салу кезеңі, салықтық міндеттемелерді орындау тәсілдері мен тәртібі – салықтық міндеттемелердің негізгі элементтері ретінде.

Тиісті заңдарда белгіленген салықтар мен өзге де міндетті төлемдерді бюджетке төлеу әркімнің Конституциялық міндеті. Салықтық міндеттеменің салық туралы заңның элементтері ретіндегі түсінігі және құқықтық маңызы. Салық салу аясының экономикалық мән-жайына және салық заңдарына орай салықтық міндеттеме субъектілерінің резиденттер және резидент еместер болып бөлінуі. Салықтық міндеттеменің объектісі мемлекет кірісін құрайтын, бюджетке салық нысанда төленілетін ақша қаражаттары.

Салықтық міндеттемелердің пайда болуының негіздері. Салық салу объектісінің, салық салу (төлеу) көзінің, мемлекеттің салықтық юрисдикциясының шегінің, салық салу бірлігінің, салық ставкасының, салық салу әдістерінің, салық жеңілдіктерінің мән-жайлары. Материалдық және ұйымдастырушы салықтық міндеттемелерді орындау тәсілдері мен тәртібі және ерекшеліктері. Салықтық міндеттемелерді орындаушы

субъектілер, орындау мерзімі, күні, орны, тәсілдері, берешектерді өтеу және артық төленген салық сомаларын есепке алу және қайтарып беру тәртібі. Мерзімінде орындалмаған салықтық міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдері. Салықтық міндеттемелерді орындаудың айрықша жағдайлары.

Салықтық міндеттемелерді атқару кезеңдері, уақыты, орны, мерзімі, тәртібі, ерекшеліктері және тәсілі. Салықтық міндеттемелерді мәжбүрлеп орындатқызу тәртібі мен ерекшеліктері және әдістері. Салықтық міндеттемелердің өзгеруінің және тоқтатылуының негіздері.

### **Бесінші тақырып. Салық салу саласындағы мемлекеттік басқару.**

Салық салу саласындағы мемлекеттік басқарудың құқықтық негіздері жалпы бөлімнің институты ретінде: маңызы, ерекшеліктері. Салық салу саласындағы мемлекеттік басқару түсінігі, маңызы, міндеттері, мақсаты, принциптері, басқару элементтері. Мемлекеттік салықтық басқарудың мемлекеттік басқарушылық қызметпен салыстырғандағы айрықша сипаты. Салық салу саласындағы мемлекеттік басқарудың ғылыми тұжырымдалған негіздері.

Салық салу саласындағы басқаруды жүзеге асыратын уәкілетті органдар (мемлекеттің салықтық құрылымы) және олардың құқықтық мәртебелері. Қазақстан Республикасы Президентінің құзыреттері; Қазақстан Республикасы Парламентінің салық салу аясындағы құзыреттері; Қазақстан Республикасы Үкіметінің салық салу аясындағы құзыреттері; Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің фискальдық саясатты жүзеге асыру жөніндегі өкілеттіліктері; Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің мемлекеттің бас салық органы ретіндегі құзыреттері және оның аумақтардағы салық комитеттерінің салықтық өкілеттіліктері; жергілікті мемлекеттік басқару органдары-Мәслихаттар мен Әкімдіктердің өз әкімшілік-аумақтық құрылымдары шегіндегі салық салуға байланысты өкілеттіліктері.

Мемлекеттің басты фискальдық органы - Қаржы министрлігі Салық комитетінің салық салу саласындағы функциялары, құзыреттері және басқарушы ретіндегі айрықша қызметі. Мемлекеттік салық әкімшілігін жүргізу мемлекеттік басқарудың жарқын көрінісі ретінде: маңызы, экономикалық және құқықтық мән-жайы, нысандары, түрлері. Салықтық тіркеу есебіне алу. Салықтық бақылау. Салықтық тексерулер. Салықтық реттеу тәсілдері. Тиісті құжаттарды алып қою. Ақпараттар. Бухгалтерлік және статистикалық есептемелер. Салық механизмі. Фискальдық мониторинг салық салу саласындағы мемлекеттік басқаруды ұтымдыландыру құралы. Мемлекеттің салық жүйесі басқарушы және басқарылушы жүйе ретінде.

### **Алтыншы тақырып. Мемлекеттік салықтық бақылау.**

Мемлекеттік салықтық бақылаудың құқықтық негіздері жалпы бөлімнің институты ретінде: маңызы, ерекшеліктері. Салықтық бақылау – мемлекеттік бақылаудың арнайы түрі қаржылық бақылаудың бір түрі ретінде: түсінігі, қағидаттары, элементтері. Салықтық бақылаудың қағидаттары: заңдылық және негізділік; шапшаңдылық және пәрменділік; жоспарлылық және мерзімділік; жариялылық. Салықтық бақылауды тікелей жүзеге асыратын орган - ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитеті мен оның аумақтардағы салық органдары. ҚР Қаржы министрлігінің өз өкілеттіліктері шегінде салықтық бақылау жүргізуі.

Салықтық бақылауды ұйымдастыру: стадиялары, объектілері мен субъектілері, тікелей және жанама салықтық бақылаулар. Салықтық бақылау аясы: салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілерді есепке алу; бюджетке түсетін түсімдерді есепке алу; салық тексерістері; камералдық бақылау; салық төлеушілердің

қаржылық-шаруашылық қызметтеріне жүргізілетін мониторинг; фискальдық жады бар бақылау-кассалық машиналарын қолдану ережелері; акцизделінетін кейбір тауарлардың түрлерін таңбалау және акциздік постыларды белгілеу; мемлекет меншігіне айналдырылған мүлікті есепке алу, бағалау және сату тәртібін сақтауды тексеру; уәкілетті органдарға бақылау жасау ауқымы ретінде..

Салықтық тексеру, оның түсінігі, түрлері және жүргізілу тәртібі. Қаржылық тексеру. Рейдтік тексеру. Хронометраждық тексеру. Камералдық бақылау жасау, мониторинг жүргізу және фискальдық жады бар бақылау-кассалық машиналарын қолдануды тексеру ерекшеліктері мен нәтижелері. Мемлекеттік салықтық бақылау мемлекеттік бюджеттің фискальдық мүдделерін қамтамасыз етудің және мемлекеттік қаржылардың мәселелерін шешудің басты тәсілі.

## **Жетінші тақырып. Корпорациялық табыс салығы**

Корпорациялық табыс салығы. Салық салу объектісі. Салық субъектісі. Салық базасын анықтау тәртібі. Салық салынатын табыс. Жылдық жиынтық табыс. Тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді өткізуден түсетін табыс. Міндеттемелерді есептеп шығарудан түсетін табыстар. Күмәнді міндеттемелер бойынша түсетін табыстар. Банктер жасаған провизиялардың мөлшерін азайтудан түсетін табыстар. Борышты талап етуді басқаға біреуден түсетін табыстар. Шығып қалған тіркелген активтер құнының ішкі топтың құн балансынан асып түсуінен алынатын табыстар. Кен орындарын игеру салдарын жою жөніндегі нақты шығыстар сомасынан кен орындарын игеру салдарын жою қорына аударымдар сомасының асып түсуінен алынатын табыстар. Шегерімдер. Тіркелген активтер бойынша шегерімдер. Ұзақ мерзімді келісім-шарттар бойынша табыстар мен шегерімдер. Салық төлеушілердің кейбір санаттарына салық салу жөніндегі жекелеген ережелер. Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарына салық салу ерекшелігі, сондай-ақ басқа да санаттардағы салық төлеушілерге салық салудың ерекшелігі. Салық салынатын табысты түзету. Залалдар. Залалдың салықтық құқықтық ұғымы. Заладарды ауыстыру. Корпорациялық табыс салығын есептеп шығару тәртібі мен оны төлеу мерзімдері. Корпорациялық табыс салығы сомасын есептеп шығару. Аванстық сомасын есептеп шығару. Шетелдік салықтарды есепке жатқызу. Салық салуда жеңілдігі бар мемлекеттерде алынған табыс. Төлем көзінен ұсталатын салық. . Төлем көзінен салық салынатын табыстар. Төлем көзінен ұсталатын салықты есептеп шығару тәртібі. Салық ставкалары. Салық кезеңі және салық декларациясы.

## **Сегізінші тақырып. Жеке табыс салығы**

Жеке табыс салығы. Салық салу объектісі. Салық субъектісі. Салық базасын анықтау тәртібі. Салық салынатын табыс. Салық салуға жатпайтын табыстар. Салық ставкалары және оны есептеу тәртібі. Салық төлеушінің төлем көзінен салық салынатын табыстар. Салық есептеу және төлеу. Жеке табыс салығы бойынша есеп-қисап.

Қызметкердің төлем көзінен салық салынатын табысы. Қызметкердің заттай нысандағы табысы. Қызметкердің материалдық пайда түріндегі табысы. Салық шегерімдері. Салықты есептеу және ұстап қалу. Біржолғы төлемдерден түскен табыс және салық сомасын есептеу.

Төлем көзінен салық салынатын жинақтаушы зейнетақы қорларына төленетін зейнетақы төлемдері: түсінігі, салық сомасын есептеу.

Төлем көзінен салық салынатын дивидендтер, сыйақылар, ұтыстар түріндегі табыстар. Стипендиялар. Төлем көзінен салық салынатын жинақтаушы сақтандыру шарттар бойынша табыс.

Төлем көзінен салық салынбайтын табыстар: түсінігі, есептеу тәсілдері. Мүліктік табыс. Адвокаттар мен жеке нотариустардың табысы. Жеке кәсіпкерлердің салық салынатын табысы. Басқа да табыстар. Жеке табыс салығы бойынша декларация.

### **Тоғызыншы тақырып. Жанама салық салу: Қосылған құн салығы. Акциздер. Жер қойнауын пайдаланушыларының салықтары. Әлеуметтік салық.**

Қосылған құн салығының салықтық құқықтық ұғымы. Салық салу субъектісі. Қосылған құн салығы бойынша есепке қоюға қойылатын талаптар. Қосылған құн салығы бойынша есепке қойылатын орын. Қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы куәлік. Қосылған құн салығы бойынша есептен шығару. Тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді өткізу бойынша айналым. Салық салынатын айналымды анықтау. Салық салынатын импорт. Тапсырма шарты бойынша жүзеге асырылатын өткізу бойынша айналымдар. Тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді өткізудің орны. өткізу бойынша айналым жасау күні. Салық салынатын айналым және салық салынатын импорт мөлшерін анықтау. Салық салынатын айналым мөлшерін түзету. Күмәнді талаптар бойынша салық салынатын айналым мөлшерін түзету. Нөлдiк ставка бойынша салық салынатын айналымдар. Қосылған құн салығынан босатылатын айналымдар және импорт. Қосылған құн салығы бойынша есепке жатқызу. Шот-фактура. Салықты есептеу және төлеу тәртібі. Қосылған құн салығы бойынша бюджетпен өзара қатынас.

Акциздер құқықтық түсінігі. Акциз төлеушілер. Акциз ставкалары. ҚР өндірілетін, өткізілетін акцизделетін тауарларға және акцизделетін қызмет түрлеріне салық салу: объектісі, операция жасалынған күн, сомасын есептеу, мерзімі. Акцизделетін тауарлардың импортына салық салу.

Жер қойнауын пайдаланушыларына салық салу. Салық салу субъектісі. Салық салу режимі. Өнімді бөлу. Бонустар және олардың түрлері. Роялти: түсінігі, төлеушілері, төлеу мерзімдері, салық кезеңі. Экспортталатын шикі мұнайға салынатын рента салығы. Үстеме пайда салығы. өнімді бөлу бойынша ҚР үлесі.

Әлеуметтік салық: түсінігі, салық төлеушілер, салық салу объектісі, салық салу ставкасы. Салықты есептеу және төлеу тәртібі. әлеуметтік салық бойынша салық декларациясы.

### **Оныншы тақырып. Жер салығы. Мүлік салығы. Көлік құралдары салығы.**

Жер салығының түсінігі. Салық төлеушілері. Салық салу объектісі. Салық ставкалары: ауылшаруашылық мақсатындағы жерлерге базалық салық ставкалары, елді мекендердің жерлеріне салынатын салық ставкалары. өнеркәсіп жерлеріне салынатын салық ставкалары, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың, орман қоры мен су қоры жерлеріне салынатын салық ставкалары, автотұрақтар, автомобильге май құю станциялары және базарлар орналасқан жер учакелеріне салынатын ставкалары. Салық ставкаларын түзету. Салықты есептеу тәртібі және төлеу мерзімдері. Салық кезеңі және салық есептілігі.

Мүлік салығы. Заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерге салынатын мүлік салығы: салық төлеушілері, салық салу объектісі, салық ставкалары, есептеу мен төлеу тәртібі, салық есептілігі, салық кезеңі.

Жеке тұлғалардың мүлік салығы: салық төлеушілері, салық салу объектісі, салық ставкалары, есептеу мен төлеу тәртібі, салық есептілігі, салық кезеңі.

Көлік құралдары салығы. Көлік құралдарына салынатын салық: салық төлеушілері, салық салу объектісі, салық ставкалары, есептеу мен төлеу тәртібі, салық есептілігі, салық кезеңі.

### **Он бірінші тақырып. Тіркегені үшін, лицензиялық және басқа да алымдар.**

Заңды тұлғаны тіркегені үшін мемлекеттік алым: алым төлеушілері, алымды есептеу, төлеу және төленген сомаларды қайтару тәртібі.

Жеке кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркегені үшін алым: алым төлеушілері, алымды есептеу, төлеу және төленген сомаларды қайтару тәртібі.

Жылжымайтын мүлікке және онымен жасалынатын мәмілелерге құқықтарды мемлекеттік тіркегені үшін алым: алым төлеушілері, алымды есептеу, төлеу және төленген сомаларды қайтару тәртібі.

Радиоэлектрондық құралдарды және жоғары жиіліктегі құралдарды мемлекеттік тіркегені үшін алым: алым төлеушілері, алымды есептеу, төлеу және төленген сомаларды қайтару тәртібі.

Механикалық көлік құралдары мен тіркемелерді мемлекеттік тіркегені үшін алым: алым төлеушілері, алымды есептеу, төлеу және төленген сомаларды қайтару тәртібі.

Теңіз, өзен кемелері мен шағын көлемді кемелерді мемлекеттік тіркегені үшін алым: алым төлеушілері, алымды есептеу, төлеу және төленген сомаларды қайтару тәртібі.

Азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркегені үшін алым.

Дәрі-дәрмек құралдарын мемлекеттік тіркегені үшін алым.

Автокөлік құралдарын ҚР аумағы бойынша жүргені үшін алым.

Аукциондардан алынатын алым.

Жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым.

Телевизия және радиохабарларын тарату ұйымдарына радиожилік спектрін пайдалануға рұқсат бергені үшін алым.

### **Он екінші тақырып. Пайдалану үшін төлемдер. Мемлекеттік баж.**

Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы: төлеушілері, төлемақы ставкалары, есептеу мен төлеу тәртібі, салық кезеңі, салық есептілігі.

Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы: төлеушілері, салық салу объектілері, төлемақы ставкалары, есептеу мен төлеу тәртібі, салық кезеңі, салық есептілігі.

Қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемақы: төлеушілері, салық салу объектісі, төлемақы ставкалары, есептеу мен төлеу тәртібі, салық кезеңі, салық есептілігі.

Жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы: төлеушілері, салық салу объектілері, төлемақы ставкалары, есептеу мен төлеу тәртібі, салық кезеңі, салық есептілігі.

Орманды пайдаланғаны үшін төлемақы: төлеушілері, салық салу объектілері, төлемақы ставкалары, есептеу мен төлеу тәртібі, салық кезеңі, салық есептілігі.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлемақы: төлеушілері, салық салу объектілері, төлемақы ставкалары, есептеу мен төлеу тәртібі, салық кезеңі, салық есептілігі.

Радиожилік спектрін пайдаланғаны үшін төлемақы: төлеушілері, салық салу объектілері, төлемақы ставкалары, есептеу мен төлеу тәртібі, салық кезеңі, салық есептілігі.

Кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақы: төлеушілері, салық салу объектілері, төлемақы ставкалары, есептеу мен төлеу тәртібі.

Сыртқы (көрнекі) жарнамалар орналастырғаны үшін төлемақы.

Мемлекеттік баж. Кеден төлемдері.

### **Он үшінші тақырып. Салық салу саласындағы мемлекеттік мәжбүрлеу және құқықтық жауапкершілік.**

Салықтық заңдар ауқымындағы мемлекеттің салық салу аясы. Мемлекеттік мәжбүрлеу салық салу аясының мызғымас атрибуты ретінде. Басымды бағыттары: салықтық заңдардың қатаң сақталуын қамтамасыз ету, материалдық салықтық-құқықтық қатынастарды қорғау. Мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары: түрлері, құқықтық негіздері, тиімділігі, айрықша белгілері. Салықтық міндеттемелердің тиісінше орындалуын қамтамасыз ету мақсатында құрылған мәжбүрлеу механизмі: маңызы, сипаттамасы. Мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдану принциптері, ғылыми тұжырымдалған негіздері.

Салықтық құқық бұзушылық үшін заңи жауапкершілік мемлекеттік мәжбүрлеудің өзекті элементі ретінде. Салық салу аясындағы заңи жауапкершіліктің мемлекеттік мәжбүрлеу сипаты. Салықтық құқық бұзушылықтың түрлері, белгілері бағыты, қаржылық - құқықтық келеңсіздігі. Салықтық құқық бұзушылық үшін заңи жауапкершілік: түрлері, мән-жайлары, негіздері, ерекшеліктері. Мемлекеттің, салық төлеушілердің материалдық мүдделерін сақтау және қорғау мақсаты.

### **Негізгі оқулықтар мен арнайы әдебиеттер:**

1. Худяков А.И. Налоговое право РК. Алматы, Жеті Жарғы, 1998.
2. Мухитдинов Н.Б., Найманбаев С.М. Салықтық заңдарды бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік. Алматы, 1999.
3. Мухитдинов Н.Б., Найманбаев С.М. Мемлекеттің салықтық қызметінің құқықтық негіздері. Алматы, 1998.
4. Найманбаев С.М. Салықтық құқық. Алматы, 1996.
5. Найманбаев С.М. Салықтық құқық. Алматы, 2000.
6. Все начиналось с десятины: этот многоликий налоговый мир. М., Прогресс, 1992.
7. Гуреев В. И. Российское налоговое право. М., 1997.
8. Дернберг Р. Л. Международное налогообложение. М., ЮНИТИ, Будапешт, COLPI, 1997.

9. Евстигнеев Е.Н. Основы налогообложения и налогового права. М., 1999.
10. Карасева М.В. Финансовое правоотношение. Воронеж, 1997.
11. Козырин А.Н. Налоговое право зарубежных стран: вопросы теории и практики. М., 1993.
12. Кучерявенко Н.П. Налоговое право. Харьков, 1997.
13. Лукашук И.И. Нормы международного права в правовой системе России. М., 1997.
14. Мещерякова Ф.В. Налоговые системы развитых стран мира. М., 1995.
15. Налоговое право. (под редакцией С.Г. Пепеляева). М., 2000.
16. Основы налогового права (под ред. Пепеляева). М., 1995.
17. Пепеляев С.Г. Законы о налогах: элементы структуры. М., 1995.
18. Петти В., Смит А., Рикардо Д., Антология экономической классики. М., Эконом—ключ, 1993.
19. Порохов Е.В. Теория налоговых обязательств. Алматы, 2001.
20. Фомина О.А. Источники налогового права зарубежных стран. М., 1996.

#### **Қосымша арнайы әдебиеттер мен оқу құралдары:**

1. Алиев Р. М. Расследование уголовных дел налоговой полицией. Алматы, 1998.
2. Атапханов К. А. Фискальная система государства: роль и вопросы совершенствования. Алматы, 1999.
3. Манько А.В. Казна красна деньгами: финансовая летопись России. М., ТЕРРА, 1999.
4. Бутаков Д.Д. Основы мирового Налогового кодекса. //Финансы, 1996, №8.
5. Гаджиев Г.А., Пепеляев С.Г. Предприниматель – налогоплательщик – государство. М., 1998.
6. Досболов А.Д. Методические рекомендации по повышению эффективности борьбы органов налоговой полиции с административными правонарушениями. Алматы, 1999.
7. Егорова Е.Н. Исследование налоговых систем Западной Европы, Польши и России. М., 1994.
8. Миляков Н.В. Налоги и налогообложение. М., 2001.
9. Мухамеджанов Э.Б., Межибовская И.В., Садвокасова И.К. Казахстан – налоговые договоры. Алматы, 1998.
10. Пушкарев В.М. История финансовой мысли и политики налогов. М., 1996.
11. Сологуб Н.М. Налоговые преступления: методика и тактика расследования. М., 1998.
12. Таранов А.А. Административная ответственность в РК. Алматы, 1997.
13. Таранов А.А. Административное право. (часть особенная) Алматы, 1998.
14. Тункин Г.И. Теория международного права. М., 1994.
15. Хаменушко И.В. Правовая природа ответственности за нарушение норм финансового законодательства. Воронеж, 1998.
16. У истоков финансового права. (золотые страницы финансового права России). Под редакцией А.Н. Козырина. М., Статут, 1998, с.107-269.
17. Черник Д.Г. Налоги. М., ФиС., 1999, с.5-31, 32-43, 44-52.
18. Черник Д.Г., Починок А.П., Морозов В.П. Основы налоговой системы. М., 1998.
19. Юткина Т.Ф. Налоги и налогообложение. М., 2001.

#### **Зерделеуге және талдауға қажетті нормативтік - құқықтық актілер:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. (1995 жылғы 30 тамыздағы) 35, 53 (2), 54 (2), 61 (4) баптарын қараңыз.
2. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1-сәуірдегі «Бюджет Кодексі». (2006 жылғы 10-қаңтарындағы өзгерістер мен толықтыруларды ескеріңіз).

3. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12-маусымдағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексі (2006 жылғы 10-қаңтарындағы өзгерістер мен толықтыруларды ескеріңіз).
4. Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 28 желтоқсандағы «Тауарлар импорты жағдайындағы ішкі рынокты қорғау шаралары туралы» Заңы.
5. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 05-сәуірдегі «ҚР Кеден Кодексі» (2005 жылғы 22-қарашадағы өзгерістер мен толықтыруларды ескеріңіз).
6. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі «Демпингке қарсы шаралар туралы» Заңы.
7. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі «Субсидиялар және өтем шаралар туралы» Заңы.
8. Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 22-қарашадағы «2006 жылға арналған республикалық бюджет туралы» Заңы.
9. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (жалпы бөлімі)- (заңды және жеке тұлғалар түрлері, құқықтық жағдайлары; міндеттемелік құқық жөніндегі бөлімдері).
10. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23- қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңы.
11. Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 1-шілдедегі «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» Заңы.
12. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 - сәуірдегі «Лицензиялау туралы» Заңы. (2005 жылдағы 23-желтоқсанда енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескеру қажет).
13. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 - қаңтардағы «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР Кодексі» (2006 жылғы 20-қаңтарындағы өзгерістер мен толықтыруларды ескеріңіз).
14. Қазақстан Республикасының 1997 жылдағы 16-шілдедегі Қылмыстық кодексі (2005 жылғы 22-қарашадағы өзгерістер мен толықтыруларды ескеріңіз).
15. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 9 қыркүйектегі Қаулысымен бекітілген «Қорғау, өтем немесе демпингке қарсы шараларды енгізу алдындағы анықтауды жүргізу ережесі».
16. Қазақстан Республикасы Үкіметінің алымдар мен баждар және төлемақылар (ставкалары мен төлеу тәртібін бегілеу) жөніндегі нормативтік Қаулылары.